


«Бекітемін»
Сырым аудандық «Жас туристер станциясы»
КММ директоры  Б.Батыршин

«Келісемін»
Сырым ауданы білім беру бөлімінің
басшысы  Б.Джанбулсинов

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім
басқармасының Сырымауданы беру бөлімінің «Жас
туристер станциясы» КММ-нің 2021 – 2022 оқу
жылына арналған жұмыс**

ЖОСПАРЫ

Жымаиты, 2021жыл

Мазмұны

I. Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің 2021-2022 оқу жылына жылдық жоспары

1.1. Көпшілік-ұйымдастыру жұмысы

1.2. Әдістемелік-нұсқаулық жұмысы

1.3. Мамандарды даярлау

1.4. Басқару – бақылау жұмысы

II. Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің 2020-2021 оқу жылының жылдың қорытынды есебі

I. Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ 2021-2022 оқу жылына жоспары

№	Шара мазмұны	Өткізілетін орны	Өткізілетін мерзімі	Орындалу формасы	Жауапты
I. Көпшілік-ұйымдастыру жұмысы					
1	«Күміс шабақ» велотуризм техникасынан облыстық жарыс – облыстық	АЖТС ОБЖТЖЭО	8-10 қыркүйек	байқау	Туризм бөлімі Шуйншкалиев Р.
2	Облыстық туристік көпсайыстан «Қарлығаш» туриадасы – LX облыстық жарыс	ОБЖТЖЭО	18-20 қыркүйек	туриада жарыс	Туризм бөлімі Шуйншкалиев Р.
3	Республикалық «Европа - Азия 2021» білім қызметкерлері арасында туристік фестивалі	«Евразия» ТСК	27-29 қыркүйек	фестиваль	АЖТС
4	Экскурсиялық бағдарлау жарысы	АЖТС	қыркүйек	жарыс	Туризм бөлімі Ескабулов Е.
5	«Туризм. Спорт. Демалыс» плакаттар байқауы	Орал қаласы	қазан	байқау	Туризм бөлімі Шуйншкалиев Р. Ескабулов Е. Бердигалиев Е.
6	«Күзгі бағдар» спорттық бағдарлау жарысы	АЖТС	қазан	жарыс	Туризм бөлімі Есламгалиев Ж. Шуйншкалиев Р.
7	Облыстық «Музей тарих –музей тағылым» челленджі	ОБЖТЭО	қараша	челлендж	Туризм бөлімі Ескабулов Е.
8	ҚР тәуелсіздігінің 30 жылына арналған оқушылар арасында велотуризм жарысы	АЖТС	қазан	жарыс	АЖТС
9	Қазақтың тұңғыш бард ақыны Т.Досымовты еске алуға арналған «Тау тұлғалы Табылды» атты бард әндерін орындаушылар арасындағы ашық байқау	АЖТС	қазан	байқау	АЖТС

10	Тау туризмі техникасынан академик Т.Қ. Жездібаевты еске алуға арналған облыстық жарыс 1 кезең – аудандық 2 кезең – облыстық	АЖТС	1-4 қараша	жарыс	Туризм бөлімі
11	«Өлке KZ» туризм олимпиадасы	Орал қаласы	қараша	олимпиада	Ескабулов Е. Шуйншкалиев Р
12	Оқушылар арасындағы облыстық «Балалар даму академиясы» конференциясы 1 кезең-аудандық 2 кезең-облыстық	АЖТС Орал қаласы	қыркүйек, қазан, 8-10 желтоқсан	конференция	Ескабулов Е.
13	Тұғыш Президент күніне арналған «Менің Елбасым» апталығы	АЖТС	желтоқсан	байқау	АЖТС
14	ҚР тәуелсіздігінің 30 жылына арналған көпшілік шаралар	АЖТС	желтоқсан	байқау	АЖТС Бердигалиев Е.
15	«Шаңғы бағдары -2022» спорттық бағдарлаудан облыстық жарыс	Орал қ.	қаңтар	жарыс	Туризм бөлімі Есламғалиев Ж. Шуйншкалиев Р.
16	«Ақшақар - 2022» облыстық оқушылар арасында шаңғы туризм техникасынан жарыс 1 кезең – мектептік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық	АЖТС ОБЖТЖЭО	ақпан	жарыс	Туризм бөлімі Шуйншкалиев Р.
17	Облыстық «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедиция топтарының слеті 1 кезең – мектептік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық 4 кезең - республикалық	АЖТС ОБЖТЖЭО	наурыз маусым	слет	Туризм бөлімі Ескабулов Е.
18	М. Жұмаев жүлдесі үшін БҚО шыңға өрмелеу мен тау туризмі техникасынан ашық біріншілік 1 кезең – аудандық	АЖТС Ақжайық ауданы	Наурыз-сәуір	жарыс	Туризм бөлімі Шуйншкалиев Р.

	2 кезең – облыстық				
19	Облыстық «WEST ORIENT» спорттық бағдарлау жарысы – аудандық – облыстық	АЖТС ОБЖТЖЭО	сәуір	жарыс	Туризм бөлімі Есламғалиев Ж. Шуйншкалиев Р.
20	Облыстық «Шырқаған жастық шақ» оқушылар, студенттер арасында бард әндерін орындаушылар фестивалі 1 кезең – аудандық 2 кезең – облыстық	АЖТС «Евразия» ТСК	31 мамыр – 2маусым	фестиваль	Туризм бөліміБердигали ев Е.
21	Облыстық «Батыс – Бердинг» спорттық орнитологиядан ашық чемпионат	АЖТС ОБЖТЖЭО	мамыр	чемпионат	Ескабулов Е. Шуйншкалиев Р
22	Облыстық туристік көпсайыстан «Қарлығаш» көктемгі туриадасы 1 кезең – мектептік (көпшілік жорық) 2 кезең – аудандық (категориялық жорық және туриада) 3 кезең – LXI облыстық жарыс	АЖТС ОБЖТЖЭО	Сәуір- мамыр Мамыр- маусым маусым	туриада	Туризм бөлімі Шуйншкалиев Р.
23	Облыстық «Жас геологтар» слеті	АЖТС ОБЖТЖЭО	маусым	слет	Экология үйірмесінің жетекшілері
24	«Серебряная спица» велотуризм техникасынан облыстық жарыс 1 кезең – мектептік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық	АЖТС ОБЖТЖЭО	маусым	жарыс	Туризм бөлімі Шуйншкалиев Р.
25	«Жайық-Урал 2022» туристік-экологиялық экспедициясы 1 кезең – мектептік (Орал өңірінің жасыл желегі) 2 кезең – аудандық (Орал өңірінің кіші өзендері) 3 кезең – облыстық «Жайық-Урал»	АЖТС Маршрут бойынша	Мамыр- маусым	экспедици я	Туризм бөлімі Экология үйірме жетекшілері

	экспедициясы				
26	«Ақжайықтану» туристік-өлкетанулық экспедициясы	АЖТС ОБЖТЖЭО	маусым	жарыс	Туризм бөлімі Е.Ескабулов
27	«Жас турист» шатырлы лагері	АЖТС	Маусым - шілде	лагерь	АЖТС
28	Облыстық «Бағдар 2022» оқу-жаттығу лагері	АЖТС ОБЖТЖЭО	шілде	лагерь	Туризм бөлімі Есламғалиев Ж. Шуйншкалиев Р.
29	Аудандық «Менің Кіші-Отаным» өлкенулық экспедициясы	АЖТС	Маусым-шілде	экспедиция	АЖТС
30	Тамыз кеңесінің қосымша білім беру саласы бойынша секциясы	АЖТС ОБЖТЖЭО	Тамыз		АЖТС
II. Әдістемелік-нұсқаулық жұмысы					
1	Педагогтардың оқу әдістемелік бағдарламасы мен олардың авторлық бағдарламаларын жасақтау жиыны	АЖТС	Қыркүйек-қазан	жиын	Әдіскер Е.Ескабулов
2	Қосымша білім беру жетекшілеріне арналған спорттық бағдарлау тақырыбында облыстық семинар	АЖТС	Қазан	семинар	Ж.Есламғалиев
3	Жас мамандармен жұмыс олар мен іс-тәжірибие бөлісіу семинары	АЖТС	қараша	семинар	АЖТС
4	Аудандық мектеп музейлерін құжаттау бағытындағы жұмыстар жиыны	АЖТС	Жыл бойы	жиын	Әдіскер Е.Ескабулов
5	Төрешілерге арналған республикалық семинар			жиын	АЖТС
6	Шыңға өрмелеу мен спорттық бағдарлаудан оқу-жаттығу жиыны	Орал қаласы	Өтініш бойынша	аттестация	
7	Аудандық, қалалық БЖТЖЭО – ның бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне, қосымша	ОБЖТЖЭО	Өтініш бойынша	Кеңес, семинар, конференция	Ж.Есламғалиев

	білім беру педагогтарына арналған машықтану жұмысы				
8	Директор орынбасарларына арналған көшпелі семинар		Ақпараттық хат	жарнама	АЖТС
9	Аудандық шаралардың альбомын шығару			альбом	Е.Бердигалиев
10	Мектеп музейлерінің альбомын шығару			альбом	Е.Ескабулов
11	Туристік жарыстар бойынша фото-видео материалдар жинақтау: - жаяу туризм; - су; - велосипед; - шаңғы; -тау;	ОБЖТжЭО	Жыл аяғына дейін	видеоролик	Р.Шуйншкалиев
12	Аудандық мектеп мұражайының жинақ кітапшасы менқұжаттау әдістемесі		1 наурызға дейін	Әдістемелік құрал	Е.Ескабулов
13	Ауданның спорттық бағдарлау бойынша карта жинағы			карта	Ж.Есламғалиев
14	Туристік маршруттар жинағын, тізбесін жасақтау			Маршрут	Р.Шуйншкалиев
15	Жазғым демалыс лагерін тиімді ұйымдастыру бойынша семинар	АЖТС	мамыр	семинар	АЖТС
III. Мамандарды даярлау					
1	I категориялық шаңғы оқушылар үшін жорығы:		Қаңтар-ақпан	жорық	Туризм бөлімі
2	Қосымша білім беру педагогтарына арналған I категориялық шаңғы жорығы		Қаңтар-ақпан	жорық	Туризм бөлімі
3	«Жайық-Урал» туристік-экологиялық экспедициясы шеңберінде сутуризмі жорығының жетекшілерін дайындау семинары (I қиындық категориялы жорық)	Жайық өзенінің бойы	сәуір - мамыр	семинар	АЖТС

4	Қосымша білім беру педагогтарына арналған І категориялық су жорығы жорығы		сәуір - мамыр	семинар	Туризм бөлімі
5	Облыстық «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» өлкетану бөлімінің меңгерушілеріне, әдіскерлері мен үйірме жетекшілеріне семинар	ОБЖТжЭО	сәуір	семинар	ОБЖТжЭО
6	«Серебряная спица» велотуризм техникасынан облыстық жарысы шеңберінде велотуризм жетекшілеріне арналған семинар және І категориялық веложорық		шілде	жорық	Туризм бөлімі
7	Облыстық шатырлы лагерь «Бағдар-2020»		Шілде-тамыз	лагерь	Спорттық бағдарлау бөлімі Нұрманов Р.Е.
8	АБЖТжЭО директорларына арналған көшпелі семинар		қаңтар мамыр тамыз қараша	семинар	Облыстық оқу-әдістемелік бөлімі
9	АБЖТжЭО-ның бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған көшпелі семинар				Облыстық оқу-әдістемелік бөлімі
10	Қосымша білім беру жетекшілеріне арналған спорттық бағдарлау тақырыбында облыстық семинар				Облыстық оқу-әдістемелік бөлімі
11	Төрешілерге арналған республикалық семинар				АБЖТжЭО ОБЖТжЭО
12	Шыңға өрмелеу мен спорттық бағдарлаудан оқу-жаттығу жиыны	Орал қаласы	Өтініш бойынша	жаттығу	Туризм бөлімі
13	Аудандық, қалалық БЖТжЭО – ның бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне, қосымша білім беру педагогтарына арналған машықтану жұмысы	ОБЖТжЭО	Өтініш бойынша	машық	АБЖТжЭО ОБЖТжЭО

14	Директор орынбасарларына арналған көшпелі семинар		Ақпараттық хат	кеңес	АБЖТжЭО ОБЖТжЭО
IV. Басқару-бақылау жұмысы					
1	Педагогикалық кеңес	ОБЖТжЭО	3 рет	кеңес	Директор
2	Әдістемелік кеңес	ОБЖТжЭО	Жоспар бойынша	кеңес	Әдіскер
3	Директор жанындағы кеңесі	ОБЖТжЭО	Апта сайын	кеңес	Директор
4	Өзара сабаққа енуді ұйымдастыру	ОБЖТжЭО	үнемі	қадағалау	директор орынбасары
5	БМК отырысы	ОБЖТжЭО	Жылына 2 рет	отырыс	Туризм бөлімі
6	Үйірме сабақтарына қатысу	ОБЖТжЭО	кесте бойынша	қадағалау	директор орынбасары
7	Ашық сабақ шараларды өткізу және талдау	ОБЖТжЭО	кесте бойынша	талдау	директор орынбасары
8	Тәрбие шараларының өткізілуін қадағалау	ОБЖТжЭО	Жоспар бойынша	қадағалау	Е.Бердигалиев
9	Үйірме жұмысы жарты жылдық қорытындысы	ОБЖТжЭО	маусым желтоқсан	есеп	Директор,
10	жартыжылдық қорытындысы	ОБЖТжЭО	Желтоқсан мамыр	есеп	АЖТС
11	Үйірме жұмысының жылдық қорытындысы	ОБЖТжЭО	мамыр	есеп	Үйірме жетекшілері

II. Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-н 2020-2021 оқу жылының жылдың қорытынды есебі

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының жұмыс жоспарының аясында өз жұмысының бастаған аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесі 2020 жылыға ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Жоспардың негізгі мақсаты жас ұрақты ұлтжандылыққа, өз Отанын сүйеуге, туған өлке тарихын танып біліп, оны зерттеуге, өлкетану-экологиялық қызметке, қоғамдық пайдалы еңбекке және зерттеу жұмыстарына тарту бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру оздырылған болатын.

Сырым аудандық «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сырым аудандық әкімшілігінің 2012 жылдың 23 қаңтардағы №27 қаулысының шешімі бойынша ашылды. Орталық өз жұмысында аудан көлемінде іс-шаралар ұйымдастырумен көзге түсіп, әртүрлі облыстық туристік-өлкетану бағыты мен білім бәсекелерінде аудан намысын қорғаған білімді де жан-жақты дамыған оқушылар тәрбиелеп келеді.

Қазіргі уақытта мекемеде барлығы 14 педагог. Соның ішінде біліктілік санаты бойынша : педагог-сарапшы -1, екінші санатты-1, педагог-модератор -8, санатсыз - 4.

Үйрмелер саны: 30. Соның ішінде бағыттары бойынша: жаяу туризм- 4, тау туризмі -2, өлкетану-3, экология -15, бард-2, спротық бағдарлау-4.

Үйірмедегі оқушы саны: 310 қамтиды; Соның ішінде: ұлдар-140, қыздары-170.

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының қолдауымен, облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы ұйымдастырған **"Әкем, анам және мен-туристік отбасы"** атты облыстық сайысқа 12 аудан және қалалық туризм орталықтарының командалары қатысты. Сайыс ережесі төрт бағыт бойынша бағаланды.

- 1) Бір күндік туристік жорық видеосын әлеуметтік желіге жариялау;
- 2) Туристік фото;
- 3) Далалық жағдайда бардтық ән орындау;
- 4) Бивуак байқауы.

Бұл сайысқа Сырым ауданы атынан аудандық "Жас туристер станциясы" КММ педагог-ұйымдастырушысы Бердигалиев Есенжан Аманжолұлы отбасымен қатысты. Облыстық отбасылық сайыстың қорытындысы бойынша Бердигалиевтер отбасы жалпы командалық 2 орынға ие болып, облыстық білім басқармасының грамотасымен, облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының дипломдарымен марапатталды.

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының қолдауымен облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы 18-21 қыркүйек аралығында **"Менің Отаным — Қазақстан"** туристік экспедициялық жасақтарының облыстық слетін қашықтан ұйымдастырды.

Сегіз бағыт бойынша оздырылған слет жаңа ғана аяқталып, қорытындысы шықты. 12 аудан және Орал қаласының командалары қатысқан слетке Сырым

ауданының экспедициялық жасақтары да барлық бағыт бойынша белсенді қатысып, **ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ** есепте III орынға ие болды. Жарыстың туған өлке соқпақтары номинациясында Ж.Досмұхамедов атындағы ОМБК-нің 9 сынып оқушысы Назерке Батырашева I-ші орын алып, республикалық кезеңге жолдама алып қатысып келді.

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының қолдауымен облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы 2020 жылдың 28-29 қыркүйек күндері аралығында Халықаралық туризм күніне орай **қашықтықтан «Европа — Азия» туристік фестивалін** ұйымдастырды.

Фестивальдің мақсаты: білім қызметкерлері арасында туристік-өлкетану қызметін насихаттау және озық тәжірибе жинақтау. Туристік сайыс төмендегі номинациялар бойынша бағаланды. Онлайн шара туристік-өлкетанулық фотосуреттер, туристік тұрмыс және дағды, бард әндері, табиғат аясына бір күндік жорық, БАҚ туристік мақалалар жариялау, туризмнен оффлайн сабақ бағыттары бойынша оздырылды.

Бұл сайысқа Сырым аудандық "Жас туристер станциясы" КММ педагогтары ережеге сай әзірленіп, жүлделі III орындарға ие болды.

Аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің жоспарына 2020 жылдың 30 қыркүйек сай **Өлеңті өзені жағасына экологиялық таза жағалау акциясы** ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты өзен жағасындағы өсімдіктер мен су асты жануарлар дүниесіне қамқорлық көрсете отырып, жағалаудағы түрлі қоғамдық қалдықтардан тазарту болып табылады. Шараны алғашқы болып орталықтың «Экоәлем» экология үйірмесінің оқушылары (жетекшіс А.Айдарханова) бастады. Аталған шара алдағы уақыттада экология үйірмесінің оқушылары кесте бойынша жалғастыратын болады.

Сырым аудандық "Жас туристер станциясы" мекемесінің жоспарына сай үстіміздегі жылдың 7 қазан күні Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақиық ақын Жұбан Молдағалиевтің туғанына 100 жыл толуына және Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, тәуелсіз "Тарлан" сыйлығының иегері, Қадыр Мырза Әлидің туғанына 85 жыл толуына орай **"Қадыр елінен - Жұбан еліне"** дейін атты туристік-өлкетану веложорығы Сырым ауданының орталығы Жымпитыдан Қадыр ескерткіші алдынан бастау алды. Жорықшылар белгіленген маршрут бойынша 30 шақырымды артта қалдырып, жалпы білім беретін Қособа орта мектебіне тоқтады. Бұл жерде мектеп директоры Ж.Нурмуханов бастаған ұжым қарсы алып, сапарымызға сәттілік тіледі. Одан әрі маршрутымыз Ақжайық ауданы Сайқұдық және Құрайлысай елді-мекендеріне жалғасты. Маршрут қозғалысына сәйкес тоқталған жерімізде мектеп ұжымдары мен оқушылары веложорықшыларды ыстық-ықыласпен қарсы алды. Жорықшыларға Жұбан Молдағалиев атындағы орта мектебінің директоры Бисенбаева Райса Зейнешқызы мен Талап орта мектебінің директоры Қожанов Алмас Орынбасарұлы қош келдің айтып, ақынның өмір жолына толы мектеп мұражайлары мен Жұбан Молдағалиевтің атына ашылған сыныптарымен таныстырып, экскурсиялар жүргізіліп, ақын өмірін насихаттайтын кездесулер ұйымдастырды.

Кездесу барысында жас өрендер қос ақынның өлеңдерін оқып, керемет әсер қалдырды. Сондай-ақ Ақжайық аудандық туризм орталығының директоры Үмбеталиев Максим Жаншаұлы да үнемі байланысты болып, қолдау білдіріп отырды. Веложорықшылар да өз кезегінде Жұбан елінің мектеп мұражайларына Сырым ауданының әкімі Төлеген Төреғалиевтің сәлемін айта отырып, ақжарма тілегін жеткізді. Аудан атынан естелік сыйлықтар табыс етті.

Осылайша қос ақынға арналған туристік веложорығымыз сәтті аяқталды.

Аудандық "Жас туристер станция" КММ жоспарына сай 2020 жылы 16 қазан күні облыстық "Ашық аспан астындағы музей-қала" экскурсиялық бағдарлау жарысының аудандық кезеңі ұйымдастырылды.

Аталған шараның мақсаты оқушыларды тарихи-мәдени мұраларымен таныстыру арқылы ата-баба ерліктерін дәріптеу, өлкетану қызметін дамыту, тарихи ескерткіштерді зерттеу, бағдарлай білуге үйрету болып табылса, шараға орталық жанындағы ЖББ Қ.Мырзалиев ат. ОМ, ЖББ Ж.Досмұхамедов ат. ОМБК, ЖББ Бұлдырты ОМ, ЖББ Көгеріс НМ мен "Сырым колледжі" жанындағы туристік-өлкетану және экология үйірмелерінен барлығы 12 команда қатысты. Байқау ережесіне сай оқушылар Жымпиты ауылының орталығында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерді арнайы жасақталған "тілсіз карта" арқылы тауып, әр бақылау нүктесінде арнайы өлкетанулық тест тапсырмаларын орындады.

Байқау қортындысы бойынша "Ұшқын" командасы (жетекшісі Т.Исатаев) ІІІ орынға ие болса, жүлделі ІІ орын "Жас эколог" командасына (жетекшісі Р.Мағзумов) бұйырды. Жарыс жеңімпаздары боп "Экодостар" командасы (жетекшісі А.Бекмуханова) табылды. Аталған шара барысында оқушылар жан-жақты өлкетанулық білімдерін молайтып, шараны қызықты өткенін айтып тарасты. Шараның жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдармен марапатталды.

Сырым аудандық жас туристер станциясының ұйымдастыруымен 2020 жылдың 14-18 қазан күндері аралығында Сырым ауданында алғаш рет Қазақтың тұңғыш бард ақыны, көрнекті сазгер Табылды Досымовты еске алуға арналған «**Тау тұлғалы Табылды**» атты бар әндерін орындаушылар арасында ашық байқау ұйымдастырылды. Байқауға БҚО аудандарының, Маңғыстау облысынан және Атырау облысынан барлығы 22 орындаушы қатысты. Шараның мақсаты Табылды ағамыздың әндерін кейінгі ұрпаққа насихаттау болды. Байқау нәтижесіне келетін болсақ Бас жүлді Атырау облысы Индер ауданының тумасы Бақтыгереев Алтынбек Айболатұлына бұйырды, 1 орынды Сырым ауданының бард орындаушысы Жанұзақов Бақытжан иеленді. 2 орындарды Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының Опорный мектебінің мұғалімі Тажмуханов Даурен және БҚО Жәнібек ауданының орындаушысы Ерназаров Расул иеленді. Ал 3 орындарды БҚО Сырым ауданынан Кдыргалиева Азамат, Казталов ауданынан Мағжанова Наргиза және Ақжайық ауданынан Марат Қолғанат иеленді. Осылайша Табылды ағамыздың әндері айтылып, кеңінен насихатталды. Қашықтан өткізілген шара 19 қазан күні Сырым аудандық мәдениет үйінде қорытындыланды.

"Қарттарыңды сыйлай біл: күндердің күні болғанда кімдердің белі бүгілмес" деген ұранмен бүгін аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің педагогтары Мейрамгүл Мухамедова мен Асель Бекмуханова өздері жетекшілік ететін экология

үйірмесінің бір топ оқушыларымен Настя әжейдің хәлін сұрап, көмек көрсетуге барып, Настя әжейдің анасы, 96 жастағы кейуананың батасын алды. Қарияларға жан-жақты көмек көрсету мақсатында әр өңірде айлық іс-шаралар, түрлі акциялар өтуде. Осындай игі істер алдағы уақытта жалғасын таба берсін.

Аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің жоспарына сай Өлеңті өзені жағасына **экологиялық таза жағалау акциясы** ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты өзен жағасындағы өсімдіктер мен су асты жануарлар дүниесіне қамқорлық көрсете отырып, жағалаудағы түрлі қоғамдық қалдықтардан тазарту болып табылады. Шараны алғашқы болып орталықтың «Экоәлем» экология үйірмесінің оқушылары бастады. Аталған шара алдағы уақыттада экология үйірмесінің оқушылары кесте бойынша жалғастыратын болады.

Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің жұмыс жоспарына сай 2020 жылдың 13 қараша күні аудандық білім беру бөліміне қарасты мектеп оқушылары арасында облыстық **«Туған жер-алтын бесік»** өлкетану олимпиадасының аудандық кезеңі қашықтан оздырылды. Өлкетану олимпиадасының мақсаты туған өлкенің табиғи және тарихи-мәдени мұраларын сақтау арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту және өлкетанулық білімін көтеру болатын. Шара барысында олимпиадаға қатысушылар «Ескерткіштер ел тарихы» және «Бәйге» номинациялары бойынша бақ сынады.

Олимпиада қортындысы бойынша «Ескерткіштер ел тарихы» номинациясында III-ші орынға ЖББ Сырым орта мектебінің оқушысы Рәш Думан ие болса, ЖББ Ж.Досмұхамедов атындағы ОМБК-нің оқушысы Қалешов Думан жүлделі II-ші орынға ие болды. Бұл бағытта ЖББ Аралтөбе орта мектебінің оқушысы Қонысбай Темірланның жұмысы үздік атанып, жеңімпазы облыстық кезеңге жолдама алды. Ал өлкетанулық тест тапсырмаларын орындау бағытындағы «Бәйге» номинациясында жүлделі III-ші орынға ЖББ Бұлдырты орта мектебі оқушысы Серікқали Бердібек пен ЖББ Қособа орта мектебінің оқушысы Есқайыр Дильназ ие болса, екінші орынға үш бірдей ұпай жинаған ЖББ Қаналиев атындағы орта мектебінің оқушысы Талғатбек Қарақат, аудандық ЖТС-ның үйірме тәрбиеленушісі Құрманғали Севиль, ЖББ Сырым орта мектебінің оқушысы Сапиева Зерда өзара бөліссе, бұл номинацияның жеңімпазы болып ЖББ Жырақұдық орта мектебінің оқушысы Қайырлы Ақбота атанды.

Үйірме оқушыларына тарихи-мәдени мұраларды таныстырып, зерттеу арқылы ата-бабаларымыздың ерліктерін дәріптеу мақсатында 2020 жылдың 29-30 қазан күндері қашықтан **облыстық «Ашық аспан астындағы музей-қала» байқауы** оздырылды. 12 аудан және Орал қаласының командалары қатысқан білім мен білгірлік, шапшаңдық пен дәлдік талап етілетін бәсекеге толы байқауда Сырым ауданы командасы жалпы командалық есепте 2 орын алды.

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының жоспарына сай жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру, мектеп музейінің қызметін жандандыру, мектеп музейі қызметінің мазмұнымен сапасын және бағыттарын жаңарту бағытында Сырым аудандық білім беру ұйымдары арасында аудандық **«Музей тарих – музей тағылым» челленджі** өткізілді. Облыстық

челлендждің аудандық кезеңіне 7 аудандық мектеп музей белсендісі қатысты. Атап айтсақ шараға ЖББ Ж.Досмұхамедов атындағы ОМБК –нің мектеп музейі, ЖББ Қ.Мырзалиев атындағы ОМ-нің музейі, ЖББ А.Жұмағалиев атындағы ОМБК-нің мектеп музейі, ЖББ Бұлдырты ОМ-нің музейі, ЖББ Аралтөбе ОМ-нің музейі, ЖББ Қаналиев атындағы ОМБК-нің мектеп музейі, ЖББ Шубин атындағы ОМ-нің мектеп музей белсенділері қатысты. Облыстық челленджнің кестесі бойынша Сырым ауданы 18 қараша күні Қаратөбе ауданыдық мектеп музейінен қабыл алып, үстіміздегі жылдың 20 қараша күні челлендж Тасқала ауданына жолданды.Музей челленджіне қатысқан барлық мектеп музейінің белсенділері мен жетекшілеріне алғысымызды айтамыз.

Облыстық **"Жайық-Урал 2020"** қашықтан өткізілген туристік-экологиялық экспедиция отрядының слетінде "Орал- өңірінің жасыл желкені", "Турист, өз ағашыңды отырғыз", "Таза ауыл" экологиялық акциялары бойынша Сырым ауданы командасы жалпы командалық есепте ІІ орынға ие болды. Бұл шараға Орал қаласының және 12 ауданның командалары қатысты.

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай **«Менің Тұңғыш Президентім»** атты үйірме оқушылары арасында қашықтан эссе байқауы ұйымдастырылды. Байқау нәтижесі бойынша «Бағдар» үйірмесінің оқушысы Серікқали Бердібек 1 орынды иеленді.«Экосити» үйірмесінің оқушысы Елеуғали Мансур мен «Жас эколог» үйірмесінің оқушысы Мұратова Жасмина 2 орындарға ие болды. Ал, «Алтын дала» үйірмесінің оқушысы Наурызбаева Сезімай мен «Бард» үйірмесінің оқушысы Аманжол Айдын 3 орындарға ие болды. Оқушылар аудандық «Жас туристер станциясы» КММ дипломдарымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында үстіміздегі жылдың 22 қаңтарында мектеп оқушылары арасында аудандық **«Туған жер кереметі»** іздестіру-зерттеу сырттай байқауы оздырылды.

Байқаудың мақсаты мен міндеті: балалар мен жасөспірімдерді азаматтыққа пен отансүйгіштікке тәрбиелеу,балалардың туған өлке тарихын, мәдени және рухant мұрасына, кіші Отанын зерттеуге тарту,зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау.

Байқау қортындысы бойынша **«Туған өлке бренді» номинациясы бойынша** І орын жалпы білім беретін Сырым ОМ-нің оқушысы Хамит Ақбота (жетекшісі Ғабдықұл Арман Әмірғалиұлы), ІІ орынға жалпы білім беретін Қаналиев ат. ОМБК-нің оқушысы Тыныштыбай Айдын (жетекшісі Карагойшина Сулужан Жадигеровна), ІІІ орынға жалпы білім беретін Шубин ат. ОМ-нің оқушысы Нәсіпқалиева Жансая (жетекшісі Жанна Сұлтанғалиқызы) мен жалпы білім беретін Абай ОМБК-нің оқушысы Ержан Бексұлтан (жетекшісі Қайыров Мәди Тілепбергенұлы) ие болды.

«Жаңа заман батырлары» номинациясы бойынша І орын жалпы білім беретін Ж.Досмұхамедов ат. ОМБК-нің оқушысы Батырашева Назерке (жетекшісі Ажғалиева Шаттық Лесбайқызы), ІІ орын жалпы білім беретін Көздіғара НМ-нің оқушысы Бүркітов Ерасыл (жетекшісі Батырова Батима Утебаевна) ие болса,

жүлделі ІІІ орын жалпы білім беретін Қаналиев ат. ОМБК-нің оқушысы Әбіл Ақбөпеге (жетекшісі Кусайнова Жанар Балтабевна) бұйырды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер аудандық білім беру бөлімінің дипломдарымен марапатталды.

Орталық педагогтары аудандық Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінің ұйымдасытырған ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «**Туған жер**» **көрмесін** ұжым болып тамашалады. Көрмеде ауданымыздың ең көрікті тарихи және табиғи жерлері орын алған болса, олардың ішінде көне құлпытастар, Шошақмола, Айдана қыраттары, Ақшат, Алатау, Шідерті мен Өлеңті өзендері секілді тағыда басқа ауданымыздың шұрайлы жерлерін тамашалауға мүмкіндік алдық. Алдағы уақытта осы көрмеге басқада әріптестерімізді тамашалауға шақыра отырып, көрмені ұйымдастырушыларға алғысымызды айтамыз!

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, аудандық «Жас туристер станциясы» КММ педагогтары **Жымпиты-Аралтөбе ауылдары маршруты бойынша 30 шақырымды құрайтын екі күндік шаңғы жорығына** шығып, осы жорықтың бейнеролигін Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының жоспарына сәйкес облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының ұйымдастыруымен 2021 жылдың 25-26 қаңтар күндері білім беру қызметкерлері арасында қашықтан өткен облыстық "Европа-Азия 2021" туристік фестиваліне ұсынды. 12 аудан және Орал қаласының командалары қатысқан бәсекеге толы шарада Сырым аудандық "Жас туристер станциясы" мекемесінің педагог қызметкерлері қысқы «Шаңғы жорығы» бейнеролигі байқауы бойынша жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Сырым ауданының білім беру бөлімі 2021 жылдың 15 ақпан күні оқушылардың шығармашылық зерттеу белсенділіктерін дамыту мақсатында қашықтықтан "**Туған өлкемді зерттеймін**" аудандық ғылыми-зерттеу конференциясын ұйымдастырды. Аталмыш байқауға аудандық «Жас туристер станциясы» КММ бойынша экология үйірмесінің оқушысы Нариманова Мадина «Экокреатив» бағыты бойынша қатысты. Конференция нәтижесінде Нариманова Мадина жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясындағы «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасының 2021 жылғы сәуір айына арналған шаралар жоспарын орындау, «ӨЗІҢНЕН БАСТА!», «Табиғатты қорғау жұмыстары» жобасы аясында аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің жұмыс жоспарына сай 2021 жылдың қаңтар-ақпан айларында аудандық білім беру ұйымдарының арасында оқушыларға қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту және оларға қамқорлық жасау арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеу мақсатында аудандық **“Қыста құстарды қоректендірейік” онлайн челленджі** ұйымдастырылған болатын. Шараға аудандық білім беру бөліміне қарасты мектеп оқушылары мен ұстаздары, қосымша білім беру мекемелерінің үйірме тәрбиеленушілерінен барлығы 32 педагог пен 160-қа жуық оқушылар белсене қатысып, құстарды қамқорлыққа алуға деген мейірімдері оянды, өздігінен жұмыс жасауға деген дағдылары қалыптасты. Өртүрлі материалдардан мектеп аулаларына және орталық саябақтарға қыстап қалатын құстарға арналған көптеген қыстық ұя мен жемшашарлар орналастырды. Барлық

білім беру ұйымындағы әріптестер мен жас табиғат жанашырларын аталаған құстарға қамқорлық көрсету мақсатындағы онлайн челленджге белсене қатысты.

Сондай-ақ қаңтар-ақпан айларындағы жұмыс жоспарын да қосымша білім беру педагогтары мен үйірме тәрбиеленушілері Өлеңті өзеніне барып, «**Балыққа ауа жіберу**» акциясын ұйымдастырды. Акцияның негізгі мақсаты су асты жануарлар дүниесін қорғау, балықтардың қауіпсіздігі үшін су астына оттегін жіберу болатын. Алдымен акцияға қатысушы оқушыларға шараның мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, өзен бетінен 30-дан астам ойық тесіліп, қамыстар салынды.

Білім беру мекемелеріндегі музейлері арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, жасөспірімдерге патриоттыққа тәрбие беру, мектеп музейінің қызметін жандандыру, мектеп музей қызметінің мазмұнымен сапасын және бағыттарын жаңарту мақсатында 2021 жылдың 1-3 ақпан күдері аралығында **облыстық “Мектеп музейі” марафоны** өткізілді. Аталған шараға Сырым ауданы бойынша мектеп музейі марафоншыларыда қатысқан болатын. Атап айтсақ Ж.Досмұхамедов атындағы мектеп-бөбекжай- балабақша кешенінің музейі, ЖББ Қаналиев мектеп-бөбекжай- балабақша кешенінің музейі, В.И. Шубин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі, Қ.Мырзалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі, Бұлдырты жалпы орта білім беретін мектебі, ЖББ А.Жұмағалиев атындағы мектеп-бөбекжай- балабақша кешенінің музейі , ЖББ Аралтөбе орта мектеп балабақша-кешенінің мектеп музейлері белсене қатысса, шараға орталық әдістемелік жқмыстарын жүргізді.

Кеңес - Ауған соғысының аяқталуына 32 жыл толуына орай үйірме оқушыларымен Ауған жауынгерлеріне арналған ескерткіш саябақта іс-шара ұйымдастырылды. Шарада аталмыш соғыс жайлы оқушыларға кеңінен мағұлыматтар беріп, оқушыларға ардагер ағаларымыздың ерлік қабілеттері насихатталса, оқушылар түрлі жыр жолдарын оқыды. Сондай-ақ орталықтың барлық үйірме оқушыларына қашықтан бейнеролик жолданды.

Үстіміздегі жылдың 19-23 ақпан күндері аралығында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Сырым аудандық білім беру бөліміне қарасты білім беру ұйымдарындағы **мектеп музейлерінде «Жәңгір хан мектебіне – 180 жыл!» толуына орай бірыңғай музей сағаттары** өткізілді. Шараға аудандық білім беру бөліміне қарасты Аралтөбе мектеп-балабақша-бөбекжай кешені, Қ.Мырзалиев атындағы орта мектебі, Бұлдырты жалпы білім беретін орта мектебі, А.Жұмағалиев атындағы мектеп-бөбекжай-балабақша кешені және Қаналиев атынданы мектеп-балабақша-бөбекжай кешенінің мектеп музейлері қатысқан болатын.

Шара барысында «Жәңгір хан мектебіне – 180 жыл!» толуына орай бірыңғай музей сағаттарына мектеп музейлеріндегі ұстаздар мен оқушылар қатысты. Бірыңғай мектептің музей сабағында музей жетекшілері мен тарих пәні мұғалімі баяндамаларын оқыса, «Жәңгір хан мектебіне – 180 жыл» атты бұрыштар мен кітап көрмелері ұйымдастырылып, «Жәңгір хан мектебінің қазақ халқында алатын орны», «Жәңгір хан мектебінің алғашқы түлектері», «Жәңгір хан туралы тың деректер» атты баяндамаларын оқып қорытындылады. Конференция соңында оқушылар мен ұстаздардың қойған сұрақтарына жауап беріп, әсерлері мен ұсыныстары туралы кері байланыс парақтары толтырылды.

Мектеп музейіндегі шарада хан Жәңгірдің өмір жолы мен оның алғаш ашқан білім ордасы жөнінде оқушыларға көптеген мәлімет берілді.

Елімізде **1 наурыз** — «**Алғыс айту күні**» болып белгіленді. Бұл күн — қамқорлық көрсетудің және шын жүрегіңмен шынайы алғыс білдірудің күні.

Осыған орай, Сырым аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінде бүгінгі жұмыс күні ерекше ықылас пен көтеріңкі көңіл - күйге толы болып, қызу басталды. Олай дейтініміз ұжымдағы әріптестер бір-біріне алғысын жаудырып, рахметтерін айтты. Алдын - ала белгіленген жоспарға сәйкес ұжым педагогтарынан және үйірме оқушыларынан құралған «Сіздерге шексіз алғысымды білдіремін» атты керуені белгіленген маршрут бойынша пандемияның ең қиын кезінде алғы шепте тұрған, тынымсыз, күндіз - түні аянбай еңбек еткен аудан орталығындағы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, аудандық полиция бөлімі, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, аудандық білім беру бөлімі, аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық, аудандық аурухана және «Sygum eli» қоғамдық-саяси газетінің ұжымдарына мекеме атынан алғысын білдірді.

Ұжымдар алғыс айту күніне орай келген педагогтарға, оқушыларға ризашылықтарын білдіріп, қиын кездер артта қалып, болашағымыз жарқын болсын деген тілектерін жаудырды.

Облыстық білім басқармасының жоспарына сай 2021 жылдың 19 наурыз күні аудандық " Жас туристер станциясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен қашықтықтан **аудандық «07 АЙМАҚ» онлайн квест марафоны** ұйымдастырылды. Шараға аудан бойынша білім беру ұйымдарынан 9 орта, 3 негізгі мектеп пен Сырым мектеп-лицейі, аудандық жас туристер станциясынан барлығы 26 оқушы қатысып, әр қатысушы өз жұмыстарын таныстырды.

Ережеге сай марафон 7-9 жас, 10-12 жас, 13-17 жас ерекшеліктері бойынша өткізілді. Ұсынылған жұмыстарды орталық мамандарынан бөлек Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі, аудандық Жастар ресурстық орталығы мекемесінің мамандары қарап қазылық етті. Қортындысында төмендегідей жұмыстар үздік атанды.

7-9 жас ерекшелігі бойынша:

I-орын Амандәулет Айару (Қ.Мырзалиев атындағы ОМ)

II-орын Жақсыбай Айдар (В.И.Шубин ат. ЖОББМ)

II-орын Құттыбай Ерасыл (Ж.Досмұхамедов атындағы ОМББК)

III-орын Унгарбекова Жанерке (Бұлдырты ЖББОМ)

10-12 жас ерекшелігі бойынша:

I-орын Өсербай Мерлан (Сырым ОМББК)

II-орын Ерген Бекжан (Көгеріс НОМ)

III-орын Мамбетияр Кәусар (Қ.Мырзалиев атындағы ОМ)

13-17 жас ерекшелігі бойынша:

I-орын Ниязова Ансана (Аудандық «Жас туристер станциясы»)

II-орын Бітімғали Ақниет (Сырым мектеп-лицейі)

III-орын Сагидуллина Светлана (Бұлдырты ОМ)

III-орын Амангелер Гулназ (Көздіғара НОМ)

Аталған шараның 2021 жылдың 29-30 наурыз күндері қашықтан өткен облыстық кезеңінде Сырым ОМББК-нің оқушысы Өсербай Мерлан жүлделі

I орынға ие болса, жас ерекшеліктері бойынша қатысқан Қ.Мырзалиев атындағы ОМ-нің оқушысы Амандәулет Айару мен аудандық «Жас туристер станциясы» үйірме тәрбиеленушісі Ниязова Ансана үздік төртіктен көрініп, аудан командасы жалпы ұпайда I-ші орыннан көрінді.

2021 жылдың 4-5 наурыз күндері аудандық " Жас туристер станциясы" КММ ұйымдастыруымен қашықтықтан аудандық "Жайық толқыны" өлкетану фестивалі ұйымдастырылды. Аудан бойынша 19 мектеп пен 3 қосымша білім беру ұйымдарынан 61 оқушы қатысып өз шеберліктерін көрсетті. Фестиваль 5 бағытта өткізілсе, байқау жұмыстарын аудандық білім беру бөлімі, аудандық «Сырым елі» қоғамдық-саяси газеті, Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі, аудандық «Мәдени демалыс орталығы» мекемесі, Жастар ресурстық орталығы және аудандық «Балалар-жасөспірімдері шығармашылық орталығы» мекемесінен бағыт бойынша мамандар әділ-қазылық етті.

" Жас репортер" номинациясы бойынша:

I-орын Махсот Инабат (Бұлан МББК)
II-орын Балғали Зарина (Қызылағаш НОМ)
III-орын Серік Шұғыла (БЖШО)

"Жас жазушы" номинациясы бойынша:

I-орын Игібай Гүлім (Бұлан МББК)
II-орын Хайрушева Ақгул (Көгеріс НОМ)
III-орын Халидуллина Айда (Қаналиев ат. МББК)

" Жас ақын " номинациясы бойынша:

I-орын Хамит Ақбота (Сырым МББК)
II-орын Нәсіпқали Жансая (В.И.Шубин ат. ЖОББМ)
II-орын Ерген Бекжан (Көгеріс НОМ)
III-орын Махсот Альмира (Абай МББК)
III-орын Кеңес Алижан (БЖШО)
III-орын Мәлік Аяна (Бұлан МББК)

" Жас шебер " номинациясы бойынша:

I-орын Ахметжан Римма (Бұлан МББК)
II-орын Қалидолла Жандәулет (А.Жұмағалиев ат. МББК)
III-орын Сағындық Гүлихан (Қ.Мырзалиев ат. ОББМ)
III-орын Амангелдина Айдана (БЖШО)

" Жас термеші" номинациясы бойынша:

I-орын Амангелді Нұрым (Балалар музыка мектебі)
II-орын Махметов Әскер (БЖШО)
III-орын Мергенов Мейрамбек (Аралтөбе ЖОББМ)

2021 жылдың 17-19 наурыз күндері облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының ұйымдастыруымен қашықтықтан облыстық "Жайық толқыны" өлкетану фестивалі ұйымдастырылды. Облыстық шараға барлық аудандар мен Орал қаласының командалары қашықтан қатысты. Фестиваль 5 бағытта өткізілсе, байқау жұмыстары қортындысында Сырым ауданының оқушылары төмендегідей нәтижеге қол жеткізді.

" Жас репортер" номинациясы бойынша Махсот Инабат Бұлан МББК-нің оқушысы жүлделі ІІІ-орынға, "Жас жазушы" номинациясы бойынша

Бұлан МББК-нің оқушысы Игібай Гүлім ІІ-орынға, " Жас ақын " номинациясы бойынша Сырым МББК-нің оқушысы Хамит Ақбота ІІІ-орынға, " Жас термеші" номинациясы бойынша аудандық Балалар музыка мектебінің оқушысы Амангелді Нұрым І-орын ие болып, Сырым ауданының командасы жалпы ұпайда үздік атанып, командалық есепте І-ші орынға ие болды.

Аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдінетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу мақсатында 2021 жылдың 15-17 наурыз күндері аралығында қашықтықтан өткен аудандық **«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар форумының аудандық кезеңінде** «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің экология үйірмесінің тәрбиеленушілері қатысып жоғары нәтижеге қол жеткізді. Атап айтсақ «Денсаулық және қоршаған орта» ғылыми жобалар бөлімінде орталықтың «Жас эколог» үйірмесінің тәрбиеленушісі Мұратова Жасмина (жетекшісі Р.Мағзумов) ІІ орынға, «Жасыл оазистер» номинациясында «Экосити» үйірмесінің тәрбиеленушісі Саматова Балауса (жетекшісі И.Кайргалиева) ІІ орынға, «Экоболашақ» видео презентациялары бойынша «Экодостар» экология үйірмесінің тәрбиеленушісі Ермекбаева Надежда (жетекшісі А.Бекмуханова) мен «Жеңіс мамыры» номинациясында «Алтын дала» үйірмесінің тәрбиеленушісі Наурызбаева Сезімай (жетекшісі М.Мухамедова) жұмыстары үздік атанып І орынға ие болды.

Орталық педагогтары 14 наурыз - **Көрісу күні мерекесі** аталып өтілді. Қазақ халқы бұл күні бір-біріне деген өкпе-ренішін кешіреді, амандық-саулық тілейді. Көктемге аман-есен жеттік деп, дастарқан жайып, жасы үлкен ақсақалдарға, ақ жаулықты аналарға сәлем беріп, құттықтап жатады. Осы мерекеге орай Сырым аудандық жас туристер станциясы мекемесінің педагогтары үйірме оқушыларына осынау атаулы күннің мән-мағынасын түсіндіріп, жастары 80-нен асқан ауыл үлкендерінің үйлеріне барып, сәлем берді, ақ батасын алды. Алдымен ауыл ақсақалы Мусилов Есенжан Мүсілұлының одан соң көп балалы кейуана, алтын алқа иегері Абуова Ағылшын Нұржанқызының үйіне барып сәлем берді. Есенжан ақсақал да Ағылшын анамыз да жас өрендеріміздің үлкендерге келіп, аман-саулық сұрасып, сәлем беруге келгендеріне балаша қуанды. Ақжарма тілектерін айтып, алғыстарын жаудырды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы мен Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мейрамы қарсаңында Сырым ауданының білім беру ұйымдарының оқушылары арасында аудандық «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен **ұлттық ойындарды насихаттау челленджі** өткізілді. Шараға орталық педагогтары мен үйірме оқушылары қатып, жалпы білім беретін Абай орта мектеп-балабақша кешеніне жолдаса, одан әрі челленджге ауданданы барлық білім беру ұйымдарының оқушылары қатысты.

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2021 жылғы 9 наурыздағы №169 бұйрығына сәйкес білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу мақсатында 25 - 31 наурыз аралығында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай **«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің қашықтан облыстық форумы** өткізілді.

Форумға 12 аудан, Орал қаласының мектептері, «Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы қатысты. Барлығы 63 оқушы қатысқан «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар форумының облыстық кезеңіне аудандық «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің экология үйірмесінің тәрбиеленушілері де қатысып, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Атап айтсақ, «Экоболашақ» видео презентациялары бойынша «Экодостар» экология үйірмесінің тәрбиеленушісі Ермекбаева Надежда Шорынға (жетекшісі А.Бекмуханова) ал, «Жеңіс мамыры» номинациясы бойынша «Алтын дала» үйірмесінің тәрбиеленушісі Наурызбаева Сезімай I орынға (жетекшісі М.Мухамедова) ие болды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын арналған «ӨЗІҢНЕН БАСТА!» жобасы аясында табиғатты қорғау жұмыстары бағыты бойынша 2021 жылдың 16 сәуір күні **«Турист өз ағашынды отырғыз» акциясын** Бұлан ауылдық округінде орналасқан аудандық «Достық» туристік базасының аумағында санитарлық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылды. Шараға аудандық «Жас туристер станциясы» КММ педагогтары мен үйірме оқушылары белсене қатысып, акция барысында 30 түп тал-терек отырғызылды.

Батыс Қазақстан облысының балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының ұйымдастыруымен онлайн форматында **облыстық «Жумаринг» жарысы** 19-29 сәуір аралығында өтті. Жарыс ережесіне сәйкес қатысушы берілген 90 секунд ішінде жумар арқылы көтерілу керек болатын.

Аталмыш жарыста Сырым ауданы намысын қорғап, ересектер тобында сынға түскен спортшыларымыз, "Жас туристер станциясы" мекемесінің үйірме жетекшісі Тілеу Мереке 28,48 метр нәтижемен 1 орын алса, туризм үйірмесінің түлегі Бақтығали Мерей 21,59 метр нәтижемен 2 орынға ие болды.

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2021 жылғы жұмыс жоспарына сай өскелең ұрпақты азаматтылық пен отаншылдыққа тәрбиелеу, мәдени мұраларды танып білу, эстетикалық тәрбие беру арқылы рухани тұлғаны қалыптастыру мақсатында 2021 жылдың 29-30 сәуірі күндері қашықтан облыстық балалар туризмі орталығының ұйымдастыруымен **облыстық «Жас өлкетанушылар» слеті** ұйымдастырылды. Слет қорытындысы бойынша Сырым ауданынан қатысқан оқушыларымыз төмендегідей нәтижеге қол жеткізді. Атап айтсақ, «Ақжайықтану» жаңа маршрут жобасын құру номинациясы бойынша қатысқан Ниязова Ансана 3 орын алса, «Табиғатпен дос болайық!» номинациясы бойынша қатысқан Ермекбаева Надежда 3 орынға ие болды.

«Менің экоізім» аудандық экологиялық марафонына Сырым ауданының жас туристер станциясының үйірме тәрбиеленушілері қатысты. Нәтижесінде «Таза

жағалау» номинациясы бойынша Зұлқарнай Аяжан 1 орын, «Макулатура жинау» номинациясы бойынша Бақтығалиева Зарина 1 орын, ал «Таза аула» номинациясы бойынша Сисенбаева Алуа 3 орын алды. Ал, «Отбасылық саяжол» номинациясы бойынша Магзумовтар отбасы алғыс хатпен марапатталды. **Ал облыстық «Менің экоізім» экологиялық марафонында** «Таза жағалау» номинациясы бойынша Зұлқарнай Аяжан 3 орын, «Макулатура жинау» номинациясы бойынша Бақтығалиева Зарина 1 орын ие болған болатын.

2021 жылдың 24 мамыр күні аудандық «Жас жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020-2021 оқу жылындағы үздік нәтиже көрсеткен үйірме оқушылары арнайы марапатталды. Аудандық білім беру бөлімінің қосымша білім беру әдіскері Шайхиева Гулдана Науанқызы облыстық шараның жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған С.Құрманғали, А.Айдынғалиқызы, Г.Мақсот, Н.Мақсот, А.Ниязова, Н.Ермекбаева, С.Наурызбаева, Д.Рысқалиева, А.Ниязова, А.Зұлқарнай, З.Бақтығалиеваға аудан әкімінің **«Жас дарын – 2021»** алғыс хатын табыстады. Шара соңында үйірме тәрбиеленушілерін облыстық шараларға дайындаған үздік қосымша білім беру педагогтарын аудандық «Жас жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Батыршин Бейбіт Ахметұлы орталықтың арнайы алғыс хаттарымен марапатталды.

Сырым ауданының Жас туристер станциясының педагогтары мен үйірме оқушылары облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының ұйымдастыруымен 2021 жылдың 26-28 мамыр күндері өткен **облыстық «Батыс Қазақстан облысының табиғат ескерткіштері» экологиялық экспедициясына** экология үйірмелерінің тәрбиеленушілері Ермекбаева Надежда, Бітімғали Ақниет, Саматова Балауса қатысып, аталған шараның қортындысында жалпы командалық есепте III орынға ие болды.

Сырым ауданында **«Менің кіші Отаным!» тарихи – танымдық экспедициясы** сапарға аттанды. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығының құрметіне орай сапарға шыққан экспедицияны салтанатты шығарып салу шарасына Сырым ауданының әкімі, «Сырым аудандық филиалының төрағасы Төлеген Төреғалиев қатысып, жорықшыларға сәттілік тіледі.

Аудандағы өлкетанушылардан, музей және туризм саласының қызметкерлерінен және журналист, бейнеоператорлардан құралған топ 26 мамыр мен 9 маусым аралығында Сырым ауданының барлық елді мекенін, оның ішінде көрікті аймақтары мен тарихи орындарын аралап, аңыз – эпсана, деректерді толықтырып, суретке түсіріп қайтты. Бүгінде экспедиция материалдары қортындыланып, кітап болып жарық көруге жұмыстануда.